

**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША 2 СЫНЫП
ЖЕТЕКШІСІ
ЖЕЛДИБАЕВА МАРФУГА БАКТЫГУЛКЫЗЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ
ЕСЕБІ**

-2023-2024 оқу жылында 2 сыныпта барлығы -6 оқушы болды. Оның төртеуі ұл, екеуі қыз. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы бойынша көп балалы отбасында -2, толық отбасында -3, ата-анасы ажырасқан отбасында -1 оқушы бар.

Жыл бойына әр аптаның дүйсенбісінде тәрбие сағаттары мерзімінде өтілді. Әр апта бойында сыныптың тазалығы мен оқушылардың жеке бас гигиенасына да уақытылы көңіл бөлініп, тиісті жауаптылар өз міндеттерін атқарып отырды. Осы оқу жылы бойынша сабақтан себепсіз қалып, сабақ жіберген оқушы жоқ, яғни сынып оқушыларының сабаққа қатысымы 100% деп айтуға болады.

Сынып шағын, ыңғайластырылған. Сондықтан биылғы оқу жылында бұл сыныптың оқушыларымен ата-аналарымен жұмыс жасау маған аса қиыншылықтар туғыза қоймасы анық.

Жыл басында өзім міндеттеген жұмыстар мен алдағы уақытта атқарылатын жұмыс барысын нақтылап алғаннан соң сынып жетекшісінің жоспарын құрып, бекіттім. Сынып сағаттары мен сынып жиналысын, ата-аналар жиналысын жұмыс жоспарын құрдым.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге не шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Міне, сондықтан Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталған болатын. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатыр. Жаңа оқу жылынан бастап 2023-2025 жылдарға арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық

және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Осы оқу жылындағы барлық іс шара «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» негізінде жүзеге асырылды. «Отбасылық дәстүрлер», «Ұлы дала перзентімін», «Бір отбасы-бір кітап», «Оян, ар мен адалдық», «Мен оқыған ертегі», «Тарихқа тағзым» т. б жоспарланған барлық тәрбие сағаттары уақытылы жүргізіліп отырды. Өтілмей қалған тәрбие сағаттары болмады.

Сынып сағаты оқушылардың адамгершілік қасиетін қалыптастыруда, өнер саласындағы талғам-тілектерін тәрбиелеуде, адамдар өмірінде кездесетін жағымды-жағымсыз мінезқұлық нормаларына, олардағы дұрыс көзқарасты қалыптастыруға, елжандылық сезімдерін шыңдауда, сабақтан тыс кезде өткізілетін тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі бір формасы болып саналады. Сынып сағаттарын өткізу барысында оқушылардың танымдық белсенділігі артады, оларда іскерлік, дағды қасиеттері қалыптасады және дамиды.

2- сынып бойынша аптасына 1 сағаттан 34 аптаға негізделген тәрбие сағаттары жоспарланды. Барлық тәрбие сағаттарының мақсаттары, міндеттері, өткізілу формасы, әдіс тәсілдері, тапсырмалары күнделікті тәрбие сағаты жоспарында жазылып отырады.

Сонымен қатар сынып оқушыларымен бірігіп төмендегідей ашық тәрбие сағаттары да өткізілді.



Мұғалімдер күніне орай «Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар өздерінің жаттаған тақпақтарын, өлең жолдарын, тапсырмаларын орындады. Ұстазға деген құрмет пен ізет керектігін меңгерді.

25- қазан Республика күніне орай 2 сыныпта «Республика күні» тақырыбында ашық тәрбие сағаты болды. Осы тәрбие сағаты арқылы оқушылардың бойында адамгершілік, сабырлылық, имандылық, ұлтжандылық тағы басқа да адами қасиеттердің болуы көзделді. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірнеше мағлұматтар беріле отырып, әр түрлі тапсырмалар орындатылды.



1- Наурыз Алғыс айту күніне орай 2 сынып оқушыларымен «Алғыс айта білу керек» атты ашық тәрбие сағаты жүргізілді. Оқушылар тәрбие сағатының мақсатымен танысты. Берілген тапсырмаларды орындап, сабаққа белсенділікпен қатысты.

«Бала мен бағдаршам» атты ашық тәрбие сағатында оқушылар бағдаршамның атқаратын қызметімен, шығу тарихымен танысты. «Жол белгісін білесің бе?» ойыны арқылы жол белгілерді ажыратып, оны не үшін пайдаланатынын айтты. Көлік түрлерінің макеттерін құрастырып, қандай жол белгілері пайдаланып тұрғандығын айтты. Әр түрлі ойындар ойнау арқылы оқушылар ашық тәрбие сағатында белсенділік көрсете білді.



Оқушыларға құқықтық сауаттылықты меңгерту мақсатында « Сен және Заң» тақырыбында ашық сабақ жүргізілді. Оқушыларға ашық сабақтың мағынасы бейнебаян арқылы түсіндірілді. Бейнебаянды көре отырып, заңның атқаратын қызметін білді. Өздерінің құжаттары туралы түсінік алды.

1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған ашық тәрбие сағатында оқушылар мерекенің мақсат, міндеттерімен қоса осы мерекені не үшін тойланатынын білді. Тәрбие сағаты кезінде әр ұлт өкілдерінің ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрлерін т.б ерекшеліктерін меңгерді.



Осындай тәрбие сағаттар арқылы оқушылар елі-жеріне қамқор болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, жол ережелерін дұрыс білуге, өз құқықтарын сақтауға т.б жақсы қасиеттерге жақын болу керектігіне дағдыланды.

Сабақтан тыс бос уақыттарында оқушылар мектептегі спорт үйірмелеріне қатысады.

| Жалпы оқушы саны: | Шахмат | «Тоғызқұмалақ» үйірмесі |
|-------------------|--------|-------------------------|
| 6 | 3 | 3 |
| | | |



Дене шынықтыру пәні мұғалімі

А.Б. Габдуллин ұлттық құндылықтарды оқушылардың бойына дәріптеу мақсатында «Асық ату» ойындарын ұйымдастырды. Қазақтың ұлттық ойыны асық ату арқылы балаларға қазақтың салт – дәстүрі, әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру мақсатында ұйымдастырды.

Кітапханашы Б.С. Қалиеваның ұйымдастыруымен Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» тақырыбында көркемсөз жарысы жүргізілді. Жақсы өнер көрсеткен оқушылар марапатталды.



Салауатты өмір салтын насихаттау барысында әлеуметтік педагог М. Ж. Сисенов «Толағай» отбасылық эстафеталық сайысын ұйымдастырды. Мақсаты: ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, нығайту, оқушыларды салауатты өмір салтын сақтауға шақыру.



«Досболіке: достық қолын ұсын» тақырыбындағы акция жоспары аясында әлеуметтік педагог М. Ж. Сисеновтың ұйымдастыруымен «Миллион кімге бұйырады» сайысын өткізілді. Оқушылар жауапкершілікпен қатысып, өздерінің белсенділіктерін көрсетті. Сайыс соңында жүлделі орын алған оқушылар марапатталды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы жоспарына сәйкес оқушыларды қоршаған ортаны аялап, оны таза ұстауға баулу, қалдықтарды қайта өңдеу мақсатында «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» тақырыбында мектептің аға тәлімгері С. Қ. Тәждауов шеберлік сағатын өткізді. Бастауыш сынып оқушылары пластик заттардан түрлі қолдануға болатын заттар жасады. Үздік жасалған жұмыстар марапатталды. Әлеуметтік желіге жарияланды.



Мектептегі аға тәлімгер С. Қ. Тәждауов 1-қазан қарттар күніне орай «Қарттарым, асыл-қазынам» тақырыбында мерекелік шара ұйымдастырды. Шараға ауылдағы қарт кісілер шақырылды. Осы шара барысында 2-сынып оқушылары әдеби-музыкалық монтажға қатысты.

Ұстаздар күніне, аналар күніне, отбасы күніне, Республика күніне т.б мектептегі өткізілетін шараларға 2-сынып оқушылары белсенділікпен қатысады.

Жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу, әже тәрбиесін үлгі ету, әжелер өнегесінің ерекшелігін ашу мақсатында «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» тақырыбында сайыс ұйымдастырылды. Әжелер құрылған жоспар бойынша өздерін таныстырып, әртүрлі бөлімдерге белсене қатысты. Белсенділікпен қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Сайыс соңында әжелердің іс-әрекетіне қарай номинациялар берілді.



АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР:

Осы оқу жылында әр тоқсан бойынша жүргізілетін ата-аналар жұмысының жоспары құрылып, бекітілді. Тоқсан сайын ата-аналар жиналысы уақытылы өткізіліп, хаттамасы толтырылды. Төмендегідей тақырыптар ата-аналар жиналысында қамтылды.

«Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі» баяндама
Мектепте өткізілетін мерекелік, сыныптан тыс шараларға ата-аналарды қатыстыру.

Отбасы-бақыт бесігі.

«Ата-ананың құқықтық сауаттылығы» тоқсандық қорытынды

Білімдіге дүние жарық

Әрбір бала – жарық жұлдыз.

«Отбасы-тәрбие бастауы» тоқсандық құрытынды.

Баланы жастан.

Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны

«Демалысты тиімді өткізейік»

Сіздің балаңыздың қызығушылығы (Сауалнама) тоқсандық қорытынды.

Сенім арту – жетістік кепілі.

Балаға үлгі көрсету.

«XXI ғасырдағы ата-ана үлгісі» жылдық қорытынды.

Тәлімменен өрілген біздің дәстүр

Шағын ата-ана болғандықтан ата-ана өткізілетін іс-шаралардан, жиналыстардан қалмай келіп, жиналыста өз белсенділіктерін көрсете алды. Тапсырылған жұмыстарды уақытылы шешіп, өздерінің оң пікірлерін айтып отырды. Мектепте «Біртұтас – тәрбие бағдарламасы» бойынша көптеген іс-шаралар жүргізілді. Осы іс-шаралар кезінде ата-аналар түгел қатысып отырды, яғни ата-аналардың бала тәрбиесі мән беретіндігін байқауға болады.

Ата-аналарды қолдау орталығының кезекті оқылымы. Тақырыбы: «Әрбір бала-жарық жұлдыз» Ата-аналар әр баланы қалай жұлдыз жасауға болатындығы туралы кеңес ала отырып, Жиналыстағы кезеңдерге белсенділікпен қатысты.



Ата-аналар мен жүргізілген «Балаға үлгі көрсету» тақырыбында барлық ата-аналар түгел қатысып, жиналыс барысындағы кезеңдерге өз ойларын білдіре отырып, жауапкершілікпен қатысты. Әрбір ата-ана бойындағы жақсы қасиеттерді оқушы бойынан көру үшін қалай жұмыстану керектігі туралы кеңес алды.

Жыл бойы ата-аналармен жоспарланған барлық жұмыстар жүргізілді. Барлық ата-аналар шақырылған жұмыстарға бірауыздан

түгел қатысып отырды. Соның ішінде Телеуова Айна мен Абдолова Гүлдананы ерекше айтып кетуге болады. Себебі, мектептегі ата-аналармен жүргізілетін қандай шара болмасын уақытылы келіп қатысады.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлауын, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейдегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерінің бірі. Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – тәуелсіз мемлекетіміздің уығы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Бүгінгі бала тек мұғалім берген білімді игеріп қана қоймай, оны әрі қарай өзінің белсенді, нысаналы, зерделі, дарындылық іс-әрекетімен сабақтастыра білгенде болашағы кемел болары сөзсіз. Ухани – адамгершілік тәрбиесіндегі басты нысана – баланы құрметтеу, оның рух иесі, бойында жаратқанның ұлы қуаты бар – тіршілік иесі екенін және дүние, әлемнің біртұтастығын саналы түсініп, оған бой ұсынса оның болашағы биік болары даусыз. Балаға қоғамда ұлттық тәрбие беру керек. Олай дейтініміз ұлттық құндылық адамды тәрбиелеудегі ең негізгі құрал болып саналады. Сондықтанда болар бабаларымыз: Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле, - сонда ғана оның болашағы биік деген.

2023-2024 оқу жылында 2- сынып бойынша тәрбие жұмысы бойынша көптеген іс-шаралар жүргізілді. Барлық өткізілген жұмыстарға оқушылар, ата-аналар белсенділікпен қатысты. Оқушылар пән бойынша көптеген сайыстарға қатыса отырып, жүлделі орындар алды. Әрине бұл жетістік ата-ана мен мұғалім арасындағы жақсы байланыс бар екендігін көрсетеді деп есептеймін. Себебі ата-ана, мұғалім, оқушы тығыз байланыста болмаса жоғарыда көрсетілген шаралар жүзеге аспас еді. Барлық іс-шара кезінде әдіс-тәсілдер, жұмыс формасы, өткізілу барысы өзгертіліп отырды.

Алдағы уақытта осындай жұмыстарымызды жинақтап, баспа беттеріне жариялау керек деп есептеймін.